

**"Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 870 қаулысы.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы қаулы 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 87-88, 631-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 4-қосымшада:

реттік нөмірі 2-жолдағы 11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"

11)	Жанартылған білім беру мазмұны бойынша бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне	ЛА-дан 30 %	Көрсетілген қосымша ақыны белгілеу тәртібі мен шарттарын білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды. Аталған қосымша ақы лауазымдық айлықақыға нақты жүктемені ескере отырып белгіленеді.
-----	---	-------------	--

";

реттік нөмірі 7-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

7)	Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын және педагогикалық шеберлік біліктілігі бар мұғалімдерге: - педагог-шебер - педагог-зерттеуші - педагог-сарапшы - педагог-модератор	Педагогика-лық шеберлік біліктілігі үшін қосымша ақы	ЛА-дан 50 % ЛА-дан 40 % ЛА-дан 35 % ЛА-дан 30 %	Көрсетілген қосымша ақыны белгілеу тәртібі мен шарттарын білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды. Аталған қосымша ақы лауазымдық айлықақыға нақты жүктемені ескере отырып белгіленеді.
----	---	--	--	--

".

2. Осы қаулы 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК